

Әралуан спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының құрамына кіретін Ақмола облысының спортшылары мен олардың жаттықтырушыларына ай сайын ақшалай қаржы төлеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 16 сәуірдегі № А-4/145 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 сәуірде № 4139 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 тамыздағы № А-7/378 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 20.08.2014 № А-7/378 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Әралуан спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының құрамына кіретін Ақмола облысының спортшылары мен олардың жаттықтырушыларына ай сайын қосымшаға сәйкес ақшалай қаржы **т ө л е н с і н .**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары **Д.З. Әділбековке жүктелсін.**

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі **Қ.Айтмұхаметов**
Ақмола облысы әкімдігінің
2014 жылғы 16 сәуірдегі
№ А - 4 / 1 4 5 қаулысының
қосымшасы

Әралуан спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының құрамына кіретін Ақмола облысының спортшылары мен олардың жаттықтырушыларына ай сайын ақшалай қаржы

Жарыстар атауы	Орын	Төлем көлемі айлық есептік көрсеткіш)
Олимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1-орын	150 АЕК
	2-орын	125 АЕК
	3-орын	100 АЕК
	4-орын	90 АЕК
	5-орын	75 АЕК
	6-орын	60 АЕК
	лицензия	40 АЕК
Параолимпиадалық, Сурдоолимпиадалық ойындар (жазғы, қысқы)	1-орын	100 АЕК
	2-орын	80 АЕК
	3-орын	70 АЕК
	4-орын	50 АЕК
	5-орын	40 АЕК
	6-орын	30 АЕК
Әлем чемпионаты (олимпиадалық спорт түрлерінен)	1-орын	100 АЕК
	2-орын	80 АЕК
	3-орын	60 АЕК
Азия ойындары (жазғы, қысқы) Бүкіләлемдік (жазғы, қысқы) универсиада	1-орын	80 АЕК
	2-орын	70 АЕК
	3-орын	60 АЕК
Жасөспірімдер олимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1-орын	70 АЕК
	2-орын	50 АЕК
	3-орын	40 АЕК
Азия чемпионаты (олимпиадалық спорт түрлерінен) Параолимпиадалық, Сурдоолимпиадалық, Азия ойындары (жазғы, қысқы)	1-орын	60 АЕК
	2-орын	40 АЕК
	3-орын	30 АЕК
Әлем Кубогы (Әлем Кубогының кезеңдерінен басқа) (олимпиадалық спорт түрлерінен) Әлем чемпионаты (олимпиадалық емес спорт түрлерінен)	1-орын	60 АЕК
	2-орын	40 АЕК
	3-орын	30 АЕК
Жастар, жасөспірімдер арасындағы (олимпиадалық спорт түрлерінен) Әлем чемпионаты	1-орын	50 АЕК
	2-орын	40 АЕК
	3-орын	30 АЕК
Жасөспірімдер, кадеттер арасындағы Әлем чемпионаты (олимпиадалық спорт түрлерінен) Жастар, жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионаты (олимпиадалық спорт түрлерінен) Азия чемпионаты (олимпиадалық емес спорт түрлерінен)	1-орын	40 АЕК
	2-орын	30 АЕК
	3-орын	20 АЕК
Қазақстан Республикасының чемпионаты (олимпиадалық спорт түрлерінен) Қазақстан Республикасының спартакиада (жазғы, қысқы)	1-орын	30 АЕК
	2-3-орын	20 АЕК
Жастар ойындары (жазғы, қысқы) Жастар, жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты (олимпиадалық спорт түрлерінен)	1-орын	20 АЕК

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК